

Н. С. Сембиев, Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының қылмыстық құқық және криминология кафедрасының оқытушысы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ЗАҢНАМАЛАРЫНЫҢ ЗАМАНАУИ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ КЕЛЕШЕГІ

Аннотация. Мақалада Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамаларының заманауи мәселелері және болашағы қарастырылады, Қазақстандағы заңды тұлғалардың қылмыстық жауапкершілік институтын енгізу болашағы түсіндіріледі. Қазақстанның қылмыстық заңнамасы үшін жеке тұлғаның кінәсінің негізінде заңды тұлғаның қылмыстық жауапкершілігін көздейтін, үлгіні қолданудың екіұштылығы.

Түйін сөздер: қылмыстық жауапкершілік, заңды тұлғалар, қылмыстық заңнама, Қазақстан Республикасы, Қылмыстық кодекс, заң.

Бүтіндей алғанда, біздің мемлекетіміздің өтпелі кезеңінде қабылданған, ҚР ҚК уақыт сынына төзе білгендігін айта кету керек. Оның негізге алынатын ережелері біздің мемлекетімізде бекіген, қоғамдық қатынастарды қорғау үшін жеткілікті құқықтық база қызметін атқаруға қазіргі жағдайда да қабілетті. Талқыланып жатқан ҚК біз қалай сынағанымызбен де, оның әрекеті барлық орын алған кемшіліктерді ескергенде жаңа саяси, қоғамдық және экономикалық қатынастардың қалыптасуына ықпал етті. ҚР қылмыстық заңнамаларының артықшылықтары болғанмен де, бірақ ол енді байқалып жатқан, кемшіліктерден сытылып кете алмады¹.

Қылмыстық заңнаманы әрі қарай жетілдіру барысында ҚР Ата Заңының ұлықтылық қағидаларын мүлтіксіз сақтау, құқықтық реттеудегі олқылықтардың орнын толтыру және оны қоғамдық қатынастардың біршама маңызды салаларына тереңдете енгізу қажет².

Қазіргі таңда Қазақстанға заңды және заңсыз түрде адамдар өте көп келеді, ҚР көптеген азаматтары шетелдерде тұрақты тұрады, сонымен қатар Қазақстанда қандайда бір шетелдік немесе халықаралық ұйымдарда лауазымды тұлғалар қызметін атқаратын, көптеген шетелдіктер жұмыс істейді. Қылмыс жасаған, адамды беру мәселесі бойынша да көптеген қиыншылықтар туындайды. Қалыптасқан жағдайды ескеретін болсақ, ҚК 6,7 және 8 баптары пайда болған қарым-қатынасты толық көлемде реттемейтіндігін көреміз. Сондықтанда, халықаралық құқық мамандарының қатысуымен жұмыс тобын құруды мақсатты деп санаймын. Үш баптың орнына тұтас бөлім пайда болуы мүмкін деп ойлаймын. Сонымен қатар, осы мәселелерге арналған, арнайы бөлім Францияның, Голландияның, Швецияның, Швейцарияның және басқа мемлекеттердің ҚК-де көзделген.

Қазір заңды тұлғалардың қылмыстық жауаптылығын анықтауға қатысты ғалымдардың арасында талас көп.

Біздің еліміз үшін заңды тұлғалардың қылмыстық жауаптылығы жаңа институт болып есептеледі, сондықтанда осыған сәйкес, осы жауаптылықты жақтаушылар да және қарсыластар да пайда болады.

Заңды тұлғаларды жауаптылыққа тарту жөніндегі алғашқы шаралар 2011 жылы әкімшілік жауаптылықты енгізу жолымен реттелген болатын. Заңды тұлғаларға әкімшілік ықпал ету шараларын тәжірибеде қолдану, жасалған әрекеттің салдарының оған қолданылатын, жазадан ауырырақ екендігін көрсетті. Сондықтанда, корпорация қызметкерлерінің жеке жауаптылығы келтірілген залалды тіпті аз дәрежеде де өтей алмайды және осыған ұқсас жаңа қылмыстардың жасалуына тиым сала алмайды.

Көршілес елдер, соның ішінде Ресей де, заңды тұлғалар үшін қылмыстық жауаптылық енгізуге ниеттеніп отыр.

Заңды тұлғалардың қылмыстық жауаптылығы институтын енгізу болашағы Қазақстанда айтарлықтай нақты келбетке ие бола бастады. ҚР Парламенті Мәжілісінің заңнама және сот–құқықтық реформа жөніндегі комитетінде «Заңды тұлғалардың қылмыстық жауаптылығын енгізу мәселесі бойынша бірқатар заңнамалық актілерге өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы қаралуда.

Заңды тұлғалардың корпорация жауаптылығы деп аталатын, қылмыстық жауаптылық енгізу және экономикалық қылмыстар үшін жазаны күшейту қажет. Заңды тұлғалардың қылмыстық жауаптылығы туралы заңды қабылдау арқылы Қазақстанның қазіргі экономикасының мәселелерінің бірі — шамадан тыс алыпсатарлық белсенділік және сыбайлас жемқорлық шешімін табады.

Алайда, бұл көзқарасты барлығы бірдей қолдамайды, заңгерлер мен экономистердің пікірі бойынша заң жобасы жеке бизнеске нұқсан келтіреді, әрі тұтастай алғанда, келеңсіз әлеуметтік–экономикалық зардаптарын тигізеді.

Қылмыстық құқық — бұл құқықтың басқа салаларынан мүлдем өзгеше сала. Континенталды құқық елдеріндегі қылмыстық жауаптылық бастапқыда жеке, дербес жауаптылыққа және кінә қағидасына құрылды. Заңи жалғандық сияқты заңды тұлғада жасалған қылмысқа психикалық қатынас болуы мүмкін емес екендігі айқын. Осы қайшылықты заңды тұлғаның кінәсі оның басшыларының немесе өкілдерінің кінәсінен көрініс табады (сәйкестендіру қағидасы) деп сендіре отырып, жеңуге тырысады. Алайда, бұл жерде біріншіден, сол бір қылмыс үшін қосарлы жауаптылыққа (заңды тұлғаның басшысын да жеке жауаптылыққа тарту болжанатындықтан) байланысты мәселелер көтеріледі. Екіншіден, бұл ретте заңды тұлғаның қатардағы қызметкерлері кінәсіз жапа шегеді. Бұл ірі айыппұлдар салған кезде, әрі әсіресе заңды тұлғаны таратқан кезде орын алады.

Осыған байланысты, басшылардың кінәсі заңды тұлғаның кінәсімен әрқашан сәйкес келе бермейді. Басшылар көбіне, заңды тұлғаның атын және ресурстарын пайдалана отырып, оның қаражатын сорады. Заңды тұлғаның өзі жәбірленушінің рөлін атқарады. Мысалы, БТА банкі көптеген салымшыларға зиян келтірді және қылмыстық жауаптылыққа әбден лайық. Алайда, бұл жерде банктен бірнеше миллиард долларды сорған, директорлар кеңесінің төрағасы М. Аблязовтың (ресми нұсқа бойынша) рөлі аз болған жоқ. Бұл банктің кінәсі азамат Аблязовтың кінәсі арқылы байқалады дегенді білдіре ме? Ең дұрысы, жоқ, өйткені БТА өзі жәбірленуші рөлін атқарып отыр. М. Аблязовты қылмыстық (егер, ол айып тағылып отырғанды жасаған болса), ал банкті – мүліктік жауаптылыққа (несиегерлердің барлық борыштарын бүкіл айыппұлдарымен және өсімпұлдарымен бірге өтеу) тарту керек. Және, тіпті, ең бастысы: заңды тұлғалардың қылмыстық жауаптылығын енгізудің салдары қандай?

Біздің еліміздегі шынайы жағдайды ескеру керек. Шенеуніктердің тежеусіз билігі және жергілікті буржуазиямен жинақталған, зор капитал жағдайында меншіктің бөліске түсуі әбден мүмкін: заңды тұлғаларды рейдерлік басып алу (әсіресе, жер қойнауын пайдалану саласында). Қылмыстық жауаптылықты бәсекелестерді шеттетуге мақсатында, пайдалануы да мүмкін.

Заңды тұлғалардың қылмысына қарсы әрекет жасаудың алдыңғы қатарлы әлемдік тәжірибесі қылмысқа қатыстылығы үшін заңды тұлғалардың жауаптылығы институтын дәл сол қылмыстық заңнамаға енгізу қажеттілігіне мәжбүрлейді. Айтылғандарды ескере отырып, кідіртпей келесі шараларды қабылдау қажеттілігі ұсынылады:

1) әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының Кодексінде тек әкімшілік құқық бұзушылық үшін заңды тұлғалардың жауаптылығы туралы қағиданы қалдырып, кодекстен қылмысқа қатыстылығы үшін заңды тұлғалардың жауаптылығын (бастапқы кезеңде салықтық қылмыстардан басқасын) көздейтін, қағиданы алып тастау³;

2) Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне заңды тұлғаға қатысты қылмыстық–құқықтық ықпал ету шаралары институтын енгізу.

Заңды тұлғаның атымен нақты басшылықты іске асыратын, тұлға ретінде, осындай арнайы субъектіге, заңды тұлғаға қатысты қылмыстық–құқықтық ықпал ету шараларын қолдануға әкелетін, қатыстылықты қылмыстың субъектілік құрамына енгізу, заңды тұлғалардың қылмыстылығының ерекшелігін көрсететін, новелла болып есептеледі. Заң жобасына сәйкес, бұл санатқа заңды тұлға лауазымын атқармаса да және сенімхаттың негізінде оның атынан әрекет етпесе де, бірақ іс жүзінде заңды тұлға қабылдаған, шешімдерді дәйектеген, тұлғалар жатады. Бұл жағдай ұйымның қалауын нақты анықтайтын, тұлға оның басқару органына ресми қатысы болмайтын, номиналдық басшылық үлгісін қолданатын, компаниялардың қылмыстық–құқықтық ықпал етуден жалтаруына мүмкіндік бермейді.

ҚР құқықтық саясат Тұжырымдамасында белгіленген, қылмыстық заңнамалардың дамуының концептуалдық жағдайын, қолданыстағы қылмыстық заңнаманы, соттық–тергеу тәжірибесін саралай отырып, ауырлық дәрежесі төмен қылмыстардың біршамасын әкімшілік және азаматтық–құқықтық жауаптылық саласына ауыстыру арқылы оларды қылмыстық әрекеттенсіздендіру керек деген қорытындыға келдім.

Менің ойымша, осы мақсатта қылмысты зерттеушілердің, соттың және құқық қолдану органдарының практикалық қызметкерлерінің қатысуымен жұмыс тобын құру қажет. Жұмыс тобының ұсынысы қылмыснамалық сараптама жүргізуді ескере отырып, дәйектелуі керек.

Мысалы, экономикалық қылмыстардың барлық түрлерімен қылмыстық заңның күшімен күресу керек деп ойлау, мүлдем аңғырттық.

Менің ойымша, бұл жерде азаматтық және әкімшілік құқық аясында, сондай-ақ салық заңнамаларының аясында қолданылуы мүмкін, экономикалық ықпал шаралар жеткілікті пайдаланылмайды. Осыдан заңды кәсіпкерлік іске кедергі келтіру, несиені заңсыз алу және мақсатсыз пайдалану сияқты қылмыстар жеткілікті негізсіз қылмыстандырылған деген қорытынды туындайды.

Тұтастай алғанда, пікірлердің барлығының қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасындағы осы мәселелерді шешу үшін негізгі мәселелерді анықтау және шешудің жолдарын табу мүмкіншілігінің бар екендігіне келіп саятындығын айта кету керек.

Резюме

В статье рассматриваются современные проблемы и перспективы уголовного законодательства РК, перспективы внедрения института уголовной ответственности юридических лиц в Казахстане; спорность применения модели, предусматривающей уголовную ответственность юридического лица на основании вины физического лица, для казахстанского уголовного законодательства.

Resume

The article considers the modern problems and prospects of criminal law in the Republic of Kazakhstan, explains prospects of introduction of the criminal liability of legal persons in Kazakhstan Divisiveness of the model application, providing for criminal liability of a legal person is on the basis of guilt of an individual, for the Kazakh criminal law.

¹ Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі 1997 жылғы 16 шілде № 167-І (2014.17.01. берілген өзгерістер мен толықтырулармен).

² Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылғы 30 тамыз (2011.02.02. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен).

³ Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 қаңтардағы № 155-ІІ Кодексі (2014.18.02. берілген өзгерістер мен толықтырулармен).